

**Курбанходжаева Дилноза Арифхановна**

*Silkway Халықаралық университеті Педагогикалық факультетінің 2 курс  
магистранты, п.ғ.д., профессор Молдабек Қ.  
Шымкент, Қазақстан*

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Бастауыш мектепте сауат шу кезеңінде қазақ тілінің заңдылықтарын оқып-үйрену барысында балалардың өздерінің сөйлеу дағдылары да ұштала түседі, олар өз ойларын ауызекі және жазба тілде бейнелеп, өзгелердің сөзін толық түсінуді үйренеді және тіл туралы материалдар осы тілді қолданудың ең жарқын үлгісі болып табылатын әдеби туындылар, жеке-жеке бөліктер арқылы түсіндірілетін тіл теориясы – осының бәрі қазақ тілі пәнінде интегративті ұштастырыла меңгертіледі. Осыған орай бағдарламада көрсетілгендей сауат ашудың негізгі мақсаты-оқу дағдысының негізін қалау: тыңдауға, айтуға, оқуға, жазуға үйрету, балаларда сөздің дыбыстық құрылысы туралы түсінік қалыптастыру, әріп таныту, әуелі буындап, содан соң тұтас сөзді, сөйлемді, мәтінді оқуға үйрету, сауатты жазу негізін қалыптастыру, өз бетінше оқуға, кітапқа қызығушылығын ояту, ауызша диалогтық және монологтық сөйлеуін дамыту баса назарға алынады.

Сауат ашу жұмысы барысында дәстүрлі үш кезең бойынша жүргізіледі:

- 1.Әліппеге дейінгі кезең
- 2.Әліппе кезеңі
- 3.Әліппеден кейінгі кезең.

Әліппеге дейінгі кезеңнің негізгі міндеті – сөйлеудің маңызын білдіру. Сөйлем, сөз және дыбыс туралы ұғым қалыптастыру, сөйлеу дағдыларын жетілдіру, жазуға дайындау. Осы кезеңде көрсетілген оқушылардың сөз байлығын молайту және сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға байланысты жұмыстар кезеңдерде де үздіксіз жүргізіледі.

Әліппе кезеңі сауат ашудың ең негізгі бөлігі болып саналады, өйткені тілдегі дыбыстар мен олардың әріптерін жеке-жеке таныту, оқуға үйрету, әріптердің жазба түрін баспа түрімен салыстыра меңгерту, сөздерді, жеңіл

сөйлемдерді дұрыс жазуға үйрету жұмыстары осы кезеңде жүзеге асырылады, әрі бұған уақыттың да негізгі бөлігі беріледі. Бұл кезеңде балалардың ауызекі және жазба тілде сөйлеу, сөйлеу мәдениеті туралы түсініктері айқындала түседі, бейнелілік және сөз көрнекіліктері негізінде әр түрлі жанрда байланыстырып сөйлеу дағдылары қалыптаса бастайды.

Әліппеден кейінгі кезеңнің міндеті- оқу дағдысын жетілдіру, саналы түрде түсініп, мәнерлеп оқуға төселдіру, оқығандарының мазмұнын айтып беруге баулу, оқылған мазмұнға қарапайым баға бере білу. Әсіресе, мәнерлеп оқуға айрықша көңіл бөлінеді, оқу кезінде дауыс күші мен сазын құбылтып оқуға үйретіледі.

Сауат ашу жұмысы бірінші жарты жылдықта аяқталады. Бұл ретте баланы қысқа мерзім ішінде сауаттандыра отырып, олардың сөздік қорының мол болуы, тез арада көп сөз оқу, жазу мүмкіндігіне ие болуы көзделіп, буындап және біртіндеп тұтас оқу әдісі басшылыққа алынады.

Демек, бастауыш мектеп оқушыларының ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру - бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Сонымен қатар, оқушылардың ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру арқылы олардың жалпы біліміне тікелей оң әсер етуге болады.

Бастауыш мектепте мұғалімдер оқушыларға жалаң бір жақты тілдік материалдарды меңгертіп қана қоймай, оқушылардың игерген тілдік материалдардағы тіл заңдылықтары мен ережелерді өз сөздерін қалай қолданып жатқандығына баса көңіл аударуға тиіс. Оқушылардың қате сөйлегендеріне кешіріммен қарап, оларды қате жіберуге дағдыландырмау керек. Бұл үшін мұғалім әрбір сабақта оқушыларды ауызша сөйлеуге, сөйлеген сөздерінде қандай сөз қолданғанын байқауға, синоним сөздерді мағыналық реңктеріне қарай орынды пайдалануға дағдыландыруы қажет. Оқушыларды ауызша сөйлеуге үйрету арқылы олардың тілдік материалдарды жеңіл игеруіне ықпал етуге болады. Себебі, ауызша сөйлеу дағдысын меңгерген оқушы ауызша болсын, жазбаша болсын тілдің негізгі заңдылықтарын қолданады. Бұл жөнінде Ф.Ш.Оразбаева былайша ой қорытқан: « Сөйлеу ерекшеліктерін меңгерген

оқушы өз ойын ауызша және жазбаша түрде іске асырады. Бұл - тілді қолданудың тәжірибелік көрінісі. Сол себепті оқушы тілді адамдармен қарым-қатынас құралы ретінде үйренгені дұрыс.»

Бастауыш мектеп оқушыларының сөйлеу дағдыларын қалыптастыру деп - оқушылардың ауызша және жазбаша тілдік қатынаста өз ойын анық, тілдік нормаларға сай толық, дәлелді және тіл тазалығын сақтай сөйлеуін айтамыз.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінде оқушылардың ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыру мәселесі аз зерттелген. Жалпы ауызша сөйлеу дағдыларын айқындау ісі күні бүгінге дейін бір тоқтамға келген жоқ.

Бірінші сынып оқушыларының ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру жұмыстарының көздеген басты мақсаты — шәкірттердің білімдік, тәрбиелік біліктерін жетілдірумен қатар олардың шығармашылық, ойлау қаблеттерін дамытып, тілдік қарым-қатынаста сөйлеген сөздерінде жаргон, варваризмдер мен қыстырма сөздерден арылту. Осы мақсатқа сәйкес бірінші сынып оқушыларының ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі оқу бағдарламасының мазмұнына лайықталып құрылды. Оқушылардың ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру жұмыстары сатыланып, жеңілден қиынға қарай принципін негізге алып жүргізілді.

Педагогикалық эксперимент жұмыстары барысында кіші жастағы оқушыларда мынадай ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру тиімді екені анықталды :

1. Бірінші сынып оқушыларының айтатын ойларын жинақы әрі толық жеткізу дағдысы.
2. Оқушылар тілінің басқа тілдерден енген таза болу дағдысы.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

- 1.Тұрдалиева Ж.Г. Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесі. Астана, 2007. 14-15 б.
- 2.Молдабек Қ.,Кенжебекова Р.И. Бастауыш мектепте қазақ тілін қатысымдық технологиямен оқыту-Алматы:TechSmith ,2020.-184б

